

**Облыс әкімдігі жанындағы техникалық және кәсіптік білім беруді
дамытумен кадрларды даярлау жөніндегі облыстық кеңесі мен
Өңірлік кәсіпкерлер кеңесінің бірлескен отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген орны:
Қызылорда облысының
кәсіпкерлер палатасы

N4

Өткізілген мерзімі:
2013 ж. 27 желтоқсан

Қатысушылар: Облыс әкімдігі жанындағы техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту мен кадрларды даярлау жөніндегі облыстық кеңес пен Өңірлік кәсіпкерлер кеңесінің мүшелері, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының басшылары, әлеуметтік-серіктестік директорлары.

Күн тәртібі:

1. Аймақтың еңбек ресурстарының балансы мен облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қажетті кадрлар даярлаудағы өзекті мәселелер.
2. 2013 жылғы мемлекеттік тапсырыс негізінде техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарына оқушылар қабылдаудың қорытындылары және 2014 жылғы мемлекеттік тапсырысты орналастыруда басымдылық берілетін мамандықтар бағыты жөнінде, кәсіпорындармен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында атқарылған жұмыстар туралы.
3. Өңірлік кәсіпкерлер палатасының техникалық және кәсіптік білім беру саласын дамыту бағытында алға қойылған мақсаттар мен міндеттер туралы.
4. Екі жақты меморандумға қол қою.

Күн тәртібіне байланысты облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы С.Құлымбетованың, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ж.Жылқышиеваның, облыстық білім басқармасының басшысы Н.Байқадамовтың, Қызылорда облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары А.Бимағанбетовтың жасаған баяндамалары қаперге алынсын.

Бірлескен кеңес отырысында айтылған ұсыныс-пікірлерді ескере отырып, облыс әкімдігі жанындағы техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту мен кадрлар даярлау жөніндегі облыстық кеңес пен Өңірлік кәсіпкерлер кеңесі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облысының білім басқармасы (Н.Байқадамов) 2014-2015 оқу жылына жергілікті бюджет есебінен кадрлар даярлаудың жоспарын нақтылап, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу

орындарына мемлекеттік тапсырысты орналастыру үшін облыс әкімдігінің қаулы жобасын әзірлеп, 2014 жылғы 1-ші сәуірге дейін бекітуге ұсынсын;

2. Қызылорда облысының білім басқармасы (Н.Байқадамов) техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары жекеменшік әлеуметтік әріптестік аясында ірі өндіріс орындары мен компаниялар арасында қол қойылған келісім-шарттарда көрсетілген мәселелерге байланысты тиісті шаралар қабылдасын;
3. Қызылорда облысының білім басқармасы (Н.Байқадамов) техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары еңбек ресурстарының балансына сәйкес қажетті жаңадан мамандықтар ашуды, соған сәйкес білім беру үдерісінде ақылы оқыту мен кәсіпорындар есебінен білім беруді жүзеге асырсын;
4. Қызылорда облысының білім басқармасы (Н.Байқадамов) кәсіпорын жұмысшыларының біліктілігін арттыру үшін қысқа мерзімді курстар ұйымдастыру үшін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары жанынан тренингтік орталықтар ашуды қамтамасыз етсін;
5. Қызылорда облысының білім басқармасы (Н.Байқадамов) кәсіпкерлер палатасымен бірлесе отырып, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында жұмыс берушілердің қатысуымен қажетті мамандықтарға сәйкес кәсіби білім беру стандарттарына өзгерістер енгізу бағытында ұсыныстар әзірлесін;
6. Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы (С.Құлымбетова) облыстың еңбек ресурстары балансын әзірлеу барысында ірі кәсіпорындар мен Қызылорда қаласымен аудандардағы шағын бизнес өкілдерінің сұранысын да қажетті мамандар тізіміне енгізуді жүзеге асырсын;
7. Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы (Ж.Жылқышиева) техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарын «Жұмыспен қамту жол картасы - 2020» бағдарламасы бойынша бітірушілерді жұмысқа орналастыру бағытында тиісті шаралар қабылдасын;
8. Қызылорда облысының Өңірлік кәсіпкерлер палатасы (Д.Әбсаттаров) аймақтың жұмысшы кадрларға деген сұранысын анықтау мақсатында еңбек ресурстарының картасын әзірлеуді жүзеге асырсын;
9. Қызылорда облысының Өңірлік кәсіпкерлер палатасы (Д.Әбсаттаров) техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарына корпоративті басқаруды енгізу мақсатында облыс бойынша 3 колледжді анықтап, басқарушы консорциумды ұйымдастыру жұмыстарын жүргізсін;
10. Қызылорда облысының Өңірлік кәсіпкерлер палатасы (Д.Әбсаттаров) Қызылорда облысының білім басқармасымен (Н.Байқадамов) бірлесе отырып, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарымен жекеменшік әлеуметтік әріптестік

аясында ірі өндіріс орындары мен компаниялар арасында келісім-шарттар жасау және дуальды оқыту технологиясын енгізу мақсатында тиісті шаралар қабылдасын;

11. Қызылорда облысының Өңірлік кәсіпкерлер палатасы (Д.Әбсаттаров) Қызылорда облысының білім басқармасымен (Н.Байқадамов) бірлесе отырып, жастарға алғашқы кәсіби бағдар беру мақсатында оқу-өндірістік алаңдар қалыптастыруды жүзеге асырсын;
12. Қызылорда облысының Өңірлік кәсіпкерлер палатасы (Д.Әбсаттаров) Қызылорда облысының білім басқармасымен (Н.Байқадамов) бірлесе отырып, кәсіпорындар базасында білім алушылар үшін «Ашық есік күндерін» ұйымдастырсын.
13. Осы тапсырмалардың орындалуына бақылау жасау облыстық кеңес төрайымы А.Әлназароваға және Өңірлік кәсіпкерлер кеңесінің төрағасы А.Махамбетовке тапсырылсын.

Кеңес төрайымы
А.Әлназарова



Өңірлік кәсіпкерлер
кеңесінің төрағасы
А.Махамбетов

